  - Адамдарға зиянды болумен қатар, электр тогы соғуы, өрт қатерін тудыруы немесе құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.
- Тұтанғыш спрей, тұтанғыш заттар, құрғақ мұз, дәрі-дәрмек немесе химикат тәрізді температураға сезімтал заттарды құрылғының қасында пайдаланбаңыз немесе ішіне қоймаңыз.
- Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз. Тоңазытқыштың ішіне жағымсыз иісті кетіру үшін жанып тұрған шамды қоймаңыз.
  - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Су сауытын, мұз науасын және мұз текшелері науасын ауыз суымен ғана (минералды немесе тазартылған сумен) толтырыңыз.
  - Сауытқа шай, сок немесе энергетикалық сусын құймаңыз, себебі мұздатқышқа зақым келуі мүмкін.
- Құрылғының үстіне шықпаңыз немесе зат қоймаңыз (мысалы, кір, жанып тұрған шамдар, тұтатылған шылым, ыдыстар, химикаттар, металл заттар т.с.с.). Себебі электр қатері, өрт немесе құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін. Су құйылған сауытты құрылғының үстіне қоймаңыз.
  - Төгіліп қалса, өрт шығуы немесе электр қатері пайда болуы мүмкін.



- Жібіту үрдісін жылдамдату үшін, өндіруші ұсынған құралдардан басқа механикалық заттарды не басқа құралдарды қолданбаңыз.
- Тоңазытқыш жүйені бүлдіріп алмаңыз.
- Ультракүлгін LED шамына ешқашан ұзақ уақыт тура қарамаңыз.
  - Себебі ультракүлгін сәулелердің әсерінен көзіңіз талығуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың сәресін төңкеріп қоймаңыз. Сәренің тірегіші жұмыс істей алмайды.
  - Шыны сөре құлап кетіп, адам жарақат алуы мүмкін.
- Саусақтарыңызды "қыстыратын аумақтардан" алыс ұстаңыз. Есіктер мен корпустың арасына қажетіне орай шамалы орын қалдырылған. Балалар жақын жерде болса, есіктерді байқап ашыңыз.
- Газ жылыстап шыққанын байқасаңыз, ашық от көзінің немесе басқа да газды тұтандыруы мүмкін заттардың жоқ екенін тексеріңіз де, құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минут желдетіңіз.
  - Құрылғыға немесе қуат сымына қол тигізбеңіз.
  - Желдеткішті қолданбаңыз.
  - Жарқыл пайда болып, жарылысқа немесе өртке ұласуы мүмкін.
- Өндіруші немесе оның қызмет көрсету агенті жеткізген LED шамдарын ғана қолданыңыз.
- Бөтелкелерді құлап қалмас үшін бір-біріне өте жақын орналастырып қою керек.
- Бұл тек үйде тағам сақтауға арналған құрылғы.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекет етпеңіз.
  - Рұқсат етілмеген өзгерістер енгізілсе, қауіпсіздікке қайшы жағдайлар туындауы мүмкін. Рұқсат етілмеген өзгерістерден кейін тоңазытқышты қалпына келтірсек, бөлшектердің құны мен мен жұмыс ақысын толық аламыз.
- Стандартты сақтандырғыштан басқа сақтандырғышты (мысалы, мыс, темір сым т.б.) пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқышты жөндеу немесе қайта орнату қажет болса, жақын жердегі сервис орталығына хабарласыңыз.
  - Бұлай істемеген кезде, электр қатері, өрт, құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін.
- Ішкі немесе сыртқы LED шамы жанып кетсе, жақын жердегі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тоңазытқыштан тұтанған иіс немесе түтін шыққаны байқалса, дереу ток көзінен ағытыңыз да, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Бұлай істемесеңіз, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішкі шамдарын ауыстырар алдында ашаны розеткадан суырыңыз.
  - Себебі, электр тоғына түсу қатері бар.
- LED емес шамды ауыстыру қиынға соқса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғы LED шамдарымен жабдықталса, шамның қақпақтары мен LED шамдарын өзіңіз ағытпаңыз.
  - Жақын жердегі Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Ашаны розеткаға мықтап сұғыңыз.
- Зақым келген ашаны, қорек сымын немесе босап қалған розетканы пайдаланбаңыз.
  - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.






# Қауіпсіздік туралы ақпарат

## Пайдалану кезіндегі сақтық шаралар

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Мұздатылған тағамды әбден жібiтiп болғаннан кейiн қайта мұздатпаңыз. Мұздатқыш бөлiкке газдалған немесе көпiршiтiн сусындарды қоймаңыз. Бөтелке немесе шыны сауыттарды мұздатқыш бөлiкке қоймаңыз.
  - Iшiндегiсi мұздаған кезде шыны сынып, адам жарақат алуы мүмкiн.
- Тоңазытқыштағы мұз жасағышты ғана пайдаланыңыз.
- Құрылғының барынша жақсы жұмыс iстеуiн қамтамасыз ету үшiн:
  - Тағамдарды тоңазытқыштың артқы жағындағы желдеткiш саңылауларға тым жақын қоймаңыз, себебi тоңазытқыш бөлiктiң iшiндегi ауаның еркiн айналуына кедергi жасайды.
  - Тағамды тоңазытқышқа қояр алдында, дұрыс ораңыз немесе ауа кiрмейтiн сауыттарға салыңыз.
  - Мұздатқыш бөлiкке шыны шөлмектердi немесе газдалған сусындарды қоймаңыз. Мұздап, жарылып кетуi мүмкiн. Сынған сусынның ыдыстары жарақат алуға себеп болуы мүмкiн.
  - Мұздатылған тағамдардың ең ұзақ сақтау уақыты мен жарамдылық мерзiмiне назар аударыңыз.
- Мұздатқыш бөлiкке стакандарды немесе шөлмектердi немесе газдалған сусындарды қоймаңыз.
  - Сауыт мұздап, жарылып кетiп, адам жарақат алуы мүмкiн.
- Мұздатқыш бөлiкке газдалған немесе көпiршiтiн сусындарды қоймаңыз. Бөтелке немесе шыны сауыттарды мұздатқыш бөлiкке қоймаңыз.
  - Iшiндегiсi мұздаған кезде шыны сынып, адам жарақат алуы немесе мүлiкке зиян келуi мүмкiн.
- Қызмет кепiлдiгi және өзгерту.
  - Бұл дайын құрылғыға 3-шi тарап енгiзген кез келген өзгерiске Samsung тарапынан кепiлдi қызмет көрсетiлмейдi, сондай-ақ, Samsung 3-шi тарап енгiзген өзгертуден туындаған, қауiпсiздiкке қайшы жағдайлар үшiн жауапкершiлiк көтермейдi.
- Тоңазытқыштың iшiндегi ауа саңылауларын бiтемеңiз.
  - Ауа саңылаулары бiтелсе, әсiресе пластик қалтамен бiтелсе, тоңазытқыш қатты салқындап кетуi мүмкiн. Салқындату циклы өте ұзаққа созылса, су сүзгiсi сынып, су ағып кетуi мүмкiн.
- Тоңазытқышпен бiрге жеткiзiлген мұз жасағышты ғана пайдаланыңыз.
- Iшiндегi артық ылғалды сүртiңiз де, есiктерiн ашық қалдырыңыз.
  - Әйтпесе, жағымсыз иiс, зең пайда болуы мүмкiн.
- Тоңазытқыш электр желiсiнен ағытылып қалса, қайта қосар алдында кемiнде бес минут күтiңiз.
- Тоңазытқыш су болып қалса, ашасын розеткадан суырып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Шыны беттiң ешқайсысын соқпаңыз немесе оған шамадан тыс көп күш салмаңыз.
  - Сынған шыны адамға зақым және/немесе мүлiкке зақым келтiруi мүмкiн.
- Су сауыты мен мұз текшесiнiң науаларын ауыз суымен ғана толтырыңыз (кран суы, минералды су немесе тазартылған су).
  - Сауытқа шай немесе спорт сусындарын құймаңыз. Себепi тоңазытқышқа зақым келтiруi мүмкiн.





- Саусақтарыңыз қыстырылып қалмау үшін абай болыңыз.

- Егер мұздатқыш пен тоңазытқыштың есігі 2 секунд немесе одан ұзақ ашық қалса, мұздатқыш пен тоңазытқыштың шамдары сөніп қалуы мүмкін.
  - Есіктер жабылып, қайта ашылған кезде шамдар қайта жанады.
- Құрылғыны су басып кетсе, дереу электр желісінен ағытыңыз да, жақындағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Өрт шығуы немесе электр қатері орын алуы мүмкін.

## Тазарту кезіндегі сақтық шаралары

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Тоңазытқыштың ішкі немесе сыртқы бетіне су шашпаңыз.
  - Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз.
- Тоңазытқыштың ішіндегі жағымсыз иісті кетіру үшін жанып тұрған шам қоймаңыз.
  - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тазалағыш құралдарды бейнебетке тура шашпаңыз.
  - Бейнебетке басылған қаріптер түсіп қалуы мүмкін.
- Құрылғыға су тәрізді бөгде зат кіріп кетсе, ашасын розеткадан суырып, ең жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Бұлай істемесеңіз, электр қатері немесе өрт пайда болуы мүмкін.
- Қуат ашасының істікшелеріндегі бөгде затты немесе шаңды тазалау үшін таза, құрғақ шүберекті пайдаланыңыз. Ашаны тазалаған кезде су немесе дымқыл шүберекті қолданбаңыз.
  - Себебі өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.
- Құрылғыға тура су шашып тазалауға болмайды.
- Бензол, сұйылтқыш немесе Сlorox, хлоридті пайдаланып тазаламаңыз.
  - Себебі бұндай заттар құрылғының беткі қаптамасын бүлдіруі және өрт шығаруы мүмкін.
- Үлестіргіш тесікке ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды сұқпаңыз.
  - Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.
- Тазалау немесе күтім көрсету жұмыстарын іске асырмай тұрып, құрылғыны розеткадан ағытыңыз.
  - Бұлай істемесеңіз, электр қатері немесе өрт пайда болуы мүмкін.



# Қауіпсіздік туралы ақпарат

## Құрылғыны қоқысқа тастауға қатысты қатаң ескертулер

### ЕСКЕРТУ

- Бұл құрылғының орам материалдарын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін етіп тастау керек.
- Құрылғыны қоқысқа тастар алдында, артқы түтіктерінің ешбіріне зақым келмегеніне көз жеткізіңіз.
- Салқындатқыш ретінде R-600a немесе R-134a пайдаланылған. Тоңазытқышыңызда қандай тоңазытқыш сұйық қолданылғанын, құрылғының артындағы компрессордың жапсырмасынан немесе құрылғының ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасынан қараңыз. Құрылғыда тұтанғыш газ (R-600a салқындатқышы) бар болса, құрылғыны қауіпсіз етіп тастау үшін жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз.
- Бұл тоңазытқышты тастаған кезде, кішкене балалар немесе жануарлар қамалып қалмас үшін тоңазытқыштың есігін/есігінің тығыздағышын және есігінің бекітпесін ағытып алыңыз. Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек. Бала ішіне қамалып қалса, жарақат алуы немесе тұншығып мерт болуы мүмкін.
  - Бала қамалып қалса, жарақат алуы және тұншығып мерт болуы мүмкін.
- Оқшаулау үшін циклопентан қолданылған. Оқшаулау материалындағы газды тастау үшін арнайы қоқысқа тастау шарасын орындау керек. Осы құрылғыны қоршаған ортаға залал тигізбейтін етіп тастау үшін жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз.
- Орам материалдарының барлығын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз, себебі орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.
  - Бала басына қалтаны киіп алса, тұншығып қалуы мүмкін.

## Құрылғыны дұрыс пайдалануға арналған қосымша кеңес

- Ток сөніп қалған жағдайда, жергілікті электрмен жабдықтау компаниясына қоңырау шалып, электрсіз қанша уақыт өткізетініңізді сұраңыз.
  - Ток бір немесе екі сағат ішінде қалпына келсе, тоңазытқыш температурасына әсер етпейді. Дегенмен, ток сөніп тұрған кезде тоңазытқыштың есігін барынша аз ашу керек.
  - Ток 24 сағаттан көп сөнсе, мұздатылған тағамдардың барлығын алыңыз да, тастаңыз.
- Құрылғыны температурасы бұл құрылғы жұмыс істейтін ортаның температурасынан үнемі төмен болатын жерге ұзақ уақыт қойсаңыз, тоңазытқыш бір қалыпты (мұздатылған тағам еріп кетуі немесе мұздатылған тағам бөлігіндегі температура тым төмендеп кетуі) жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тағамдардың кей түрлерін тоңазытып сақтаған кезде, тағам сапасына қарай дұрыс сақталмауы мүмкін.
- Құрылғыңызға мұз қатпайды, басқаша айтқанда, құрылғының мұзын қолдан жібітудің қажеті жоқ. Бұл әрекет автоматты түрде орындалады.
- Жібіту кезінде температураның көтерілуі ISO талаптарына сай келеді. Құрылғыны жібіту барысында тоңазытқыш ішіндегі мұздатылған тағам температурасының жоғарылап кетуін қаламасаңыз, мұздатылған тағамды бірнеше қабат газетке ораңыз.
- Мұздатылған тағамды әбден жібітіп болғаннан кейін қайта мұздатпаңыз.





- Екі жұлдыз таңбасы салынған бөлімнің (бөлімдердің) немесе екі жұлдыз белгісі бар (**\*** **\***) бөліктің (бөліктердің) температурасы, басқа мұздатықш бөлікке (бөліктерге) қарағанда сәл жоғарырақ. Екі жұлдызы бар бөлім (бөлімдер) немесе бөлік (бөліктер) құрылғыны жеткізген кездегі нұсқауларға және/немесе жағдайларға сай келеді.

### Қуатты үнемдеу туралы кеңес

- Құрылғыны салқын, құрғақ, жеткілікті түрде желдетілетін жерге орнатыңыз. Құрылғыны күн сәулесі тура түсетін және қызу көздерінен (мысалы, батарея) жылу тура келетін жерге қоймаңыз.
- Қуатты пайдалану тиімділігін сақтау үшін саңылаулар мен торларды бітемеуді ұсынамыз.
- Жылы тағамды тоңазытқыш ішіне қояр алдында салқындатыңыз.
- Мұздатылған тағамды тоңазытқышқа қойып жібітіңіз. Содан кейін мұздатылған тағамдардың төмен температурасын, тоңазытқыштағы тағамды салқындату үшін қолдануға болады.
- Тағам салғанда немесе алған кезде, тоңазытқыштың есігін өте ұзақ ашпаңыз. Есікті неғұрлым аз ашсаңыз, мұздатықшқа барынша аз мұз қатады.
- Тоңазытқышты орнатқан кезде артқы жағы мен бүйір жақтарынан орын қалдыруды ұсынамыз. Бұл қуатты аз пайдаланып, электр қуаты төлемдерін азайтуға көмектеседі.
- Қуатты барынша тиімді пайдалану үшін себеттер, тартпалар, сөрелер тәрізді ішкі керек-жарақтардың барлығын өндіруші көрсеткен жерлерге қойыңыз.


### Бұл құрылғы үйде және сол сияқты, дүкендердегі қызметкерлерге арналған ас бөлмелерде,

- кеңселерде және басқа жұмыс орындарында пайдалануға арналған;
- ферма үйлерінде, қонақ үйдің қонақтары және басқа тұрғында жерлерде;
- төсек және таңғы аспен жабдықтайтын жерлерде;
- қоғамдық тағам орындарында және сол сияқты бөлшек сауда жасамайтын жерлерде.



# Қауіпсіздік туралы ақпарат

## WEEE туралы нұсқаулар



**Өнімді дұрыс тастау (Қолданыс мерзімі аяқталған электр және электроника құрылғысы)**

**(Жеке қоқысқа тастау жүйесін пайдаланатын елдерге қатысты)**

Өнімдегі, оның керек-жарақтарындағы немесе ілеспе кітапшасындағы белгі, осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш құралы, құлаққабы, USB сымы), қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек дегенді білдіреді. Қалдық дұрыс тасталмаған жағдайда қоршаған орта немесе адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды қайтадан қажетке жаратуға өз үлесіңізді қосу үшін бұндай заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөлектеп, қалдық өнімдерді қайта өңдеуден өткізетін жерге апарып тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Коммерциялық мақсатта қолданушылар, өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарымен танысуы керек. Осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын басқа да коммерциялық өнімдердің қалдықтарымен араластырып тастауға болмайды.

# Орнату

Бұл тоңазытқышты дұрыс орнату және қолданбай тұрып оқыс жағдайларға жол бермеу үшін осы нұсқауларды мұқият орындаңыз.


## ⚠ ЕСКЕРТУ

- Тоңазытқышты осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз.
- Кез келген қызмет көрсету жұмысын білікті техник ғана орындауға тиіс.
- Құрылғының орам материалын жергілікті ережелерге сәйкес қоқысқа тастаңыз.

## Тоңазытқышқа жалпы шолу

### 📖 ЕСКЕРІМ

Тоңазытқыштың нақты түрі мен бірге жеткізілген бөлшектері үлгіге және елге байланысты өзгешелеу болуы мүмкін.




- 01 Салқын сөре
- 02 Мұз жасағыш
- 03 Салқын сауыт \*
- 04 А/Бактериядан қорғағыш \*
- 05 Көкөніс қорабы \*
- 06 Астыңғы сөре
- 07 Түрлі сөре
- 08 Бөтелке сөресі
- 09 Су сауыты \*
- 10 Жұмыртқа салғыш
- 11 Иіс кетіргіш \*


\* қол жетімді үлгілерде ғана

# Орнату

## Опциялық керек-жарақтар \*



**Салқын текше:** Бұл тоңазытқышты салқын ұстауға көмектеседі.



**Майысқақ мұз жасағыш:** Мұз жасау үшін пайдаланылады.

\* Тоңазытқышыңызда жоғарғы тізімде берілген опциялық керек-жарақтар болмауы мүмкін. Опциялық керек-жарақтардың берілуі, үлгі түріне және елге байланысты.

## Мұздатқыштың ішіндегі сақтайтын орынды кеңейту үшін

Үстіңгі сөрені алыңыз, оны ешбір құралсыз қолмен алуға болады.

- Үстіңгі сөрені алғанда, мұздатқыштың термо және механикалық қасиеттеріне әсер етпейді.
- Екі мұз жасағышты алу үшін, әуелі оң жақтағысын алу керек (Айс Макс. үлгілеріне қатысты).
- Қуат тиімділігін барынша арттыру үшін сөрелердің барлығын, тартпаларды және себеттерді бастапқы орындарына қойыңыз.

## Орнату қадамдары

### ҚАДАМ: 1 Орнататын жерді таңдаңыз

Орнататын жерге қойылатын талаптар:

- Кілем төселмеген қатты, тегіс, ауа айналымына кедергі келтірмейтін жер
- Күннің көзі тура түспейтін жер
- Есікті ашуға және жабуға ыңғайлы орын
- Қызу көзінен алыс
- Жөндеу және қызмет көрсетуге ыңғайлы орын
- Температура ауқымы: 10 °C және 43 °C арасында

Тиімді температура ауқымы

Тоңазытқыш өз класы үшін көрсетілген температура ауқымында қалыпты жұмыс істеуге сәйкес жасалған.

Санаты	Белгісі	Қоршаған орта температурасының ауқымы (°C)	
		IEC 62552 (ISO 15502)	ISO 8561
Көбейтілген температура	SN	+10 бастап +32 дейін	+10 бастап +32 дейін
Температура	N	+16 бастап +32 дейін	+16 бастап +32 дейін
Субтропикалық	ST	+16 бастап +38 дейін	+18 бастап +38 дейін
Тропикалық	T	+16 бастап +43 дейін	+18 бастап +43 дейін

### ЕСКЕРІМ


Тоңазытқыштың салқындату қарқыны мен пайдаланатын қуат мөлшеріне қоршаған ортаның температурасы, есікті ашу жиілігі және тоңазытқыштың орналасқан орны әсер етуі мүмкін. Температура параметрлерін тиісінше реттеуді ұсынамыз.



# Орнату

Бос орын


Орнату кезінде қалдыратын бос орынды төмендегі суреттер мен кестеден қараңыз.



Үлгі	A	B	C
RT58	1507	1352	120°
RT62	1507	1352	120°

(өлшем бірлігі: мм)

- 01 100 мм
- 02 50 мм
- 03 кем дегенде 50 мм




## ҚАДАМ: 2 WiFi қосылымы


Жеке сатылатын Smart Home Dongle құралын пайдаланып, тоңазытқышты қашықтан басқаруға болады. Smart Home Dongle құралын сатып алу үшін [www.samsung.com](http://www.samsung.com) сайтына өтіп, құралға қатысты өнім ақпаратын қараңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Samsung Smart Home Dongle құралы екі түрде жеткізіледі: біреуі Samsung смарт ТД үшін және екіншісі Samsung тұрмыстық техникаларына арналған.
- Сіз тұрмыстық техникаларға арналған Samsung Smart Home Dongle құралын сатып алуыңыз керек. Басқа құралдарды сатып алсаңыз, жүйеге зақым келтіруі мүмкін.




1. Құралдың қақпағын ашу үшін қақпақтағы көрсеткі тұрған тұсты басыңыз.




2. Құралдың қақпағын ашыңыз.



3. Smart Home Dongle құралын құрал ұясының ішіне, бағытын дұрыс қаратып салыңыз.



4. Құралдың қақпағының үстіңгі жағын бірінші кіргізіп, содан кейін бекіту үшін суретте көрсетілгендей жабыңыз.




#### ЕСКЕРІМ

Таңба салынған тұс - опциялық құралға арналған, бұл дефект немесе сынық емес.


# Орнату

## ҚАДАМ: 3 Еден




- Тоңазытқыш орнатылатын жер толық толтырылған тоңазытқышты немесе шамамен 100 кг көтере алуы керек.
- Еденді қорғау үшін тоңазытқыштың әр тірегінің астына үлкен картон төсеу керек.
- Тоңазытқышты тұрақты тұратын жеріне орнатқаннан кейін, еденді қорғау үшін, егер қажет болмаса орнынан қозғамаңыз. Жылжыту керек болса, жылжытатын жолға қалың қағаз немесе ескі кілем тәрізді зат төсеңіз.

## ҚАДАМ: 4 Деңгейі реттегіш тіректерді ретке келтіріңіз



Тоңазытқыштың деңгейін реттегіш тіректерін қолмен реттеп, деңгейлеңіз. Деңгейлегіш тіректерін сағат тілінің бағытымен бұрап төмендетіңіз немесе керісінше бұрап биіктетіңіз.



Тіректерді суретте көрсетілгендей еденнен кемінде 35 мм (A) биік қалдырыңыз.

---

## ҚАДАМ: 5 Бастапқы параметрлер

---

Келесі қадамдарды орындағаннан кейін, тоңазытқыш толық іске қосуға дайын.

1. Тоңазытқышты іске қосу үшін қуат сымын қабырғадағы розеткаға жалғаңыз.
2. Есікті ашыңыз да, ішкі жарық шамының жанатын-жанбайтынын тексеріңіз.
3. Температураны ең суық температураға қойып, шамамен бір сағат күтіңіз. Содан кейін, мұздатқыш шамалы салқындайды да, қозғалтқыш қалыпты жұмыс істейді.
4. Тоңазытқыш орнатылған температураға жеткенше күтіңіз. Енді тоңазытқыш пайдалануға дайын.

## ҚАДАМ: 6 Соңғы тексеру


---

Орнатып болғаннан кейін келесіні тексеріңіз:

- Тоңазытқыштың электр көзіне қосылғанын және жерге дұрыс тұйықталғанын.
- Тоңазытқыштың қабырғадан немесе шкафтан жеткілікті қашықтықта, тегіс, орнықты жерге қойылғанын.
- Тоңазытқыштың орнықты екенін және еденге орнықты қойылғанын.
- Есіктің еркін ашылып-жабылатынын және есік ашылғанда ішкі жарық шамының автоматты түрде жанатынын.

# Іске пайдалану

## Функция панелі



**01** Freezer (Мұздатқыш) / Power Freeze (Қарқынды мұздату)

**02** Freezer Convert (Өзгермелі мұздатқыш)

**03** Fridge (Тоңазытқыш) / Power Cool (Қарқынды салқындату) / Vacation (Демалыс)

**04** Cool Select+ (Салқындатуды таңдау+) / Cool Select Zone (Салқын аумақты таңдау) (А және В үлгілеріне ғана қатысты)

**05** Door Alarm (Есік сигналы) / Control Lock (Қауіпсіздік бекітпесі)

**06** Желі қосылымы (қол жетімді үлгілерде ғана)

## 01 Мұздатқыш / Қарқынды мұздату

<b>Freezer (Мұздатқыш)</b>	<p><b>Freezer (Мұздатқыш)</b> түймесін мұздатқыш температурасын орнату үшін пайдалануға болады.</p> <p>Қол жетімді температуралар: -15 °С және -23 °С.</p> <p><b>⚠ АБАЙЛАҢЫЗ</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Жүйе істемей қалып, тағам бұзылып кетпеу үшін жазғы уақытта температураны -15 °С градусқа (35 °С градустан жоғары) орнатпаңыз.</li><li>• Мұздатқышқа сұйық зат құйылған шыны шөлмектерді сақтамаңыз. Сұйық қатқан кезде шыны шөлмектер жарылады немесе сынады.</li></ul>
<b>Power Freeze (Қарқынды мұздату)</b>	<p>Power Freeze (Қарқынды мұздату) функциясы желдеткішті ең үлкен жылдамдыққа қойып, мұздатуды тездетеді. Мұздатқыш бірнеше сағат ең үлкен жылдамдықта жұмыс істеп тұрады да, содан кейін алдыңғы температураға қайтады.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Power Freeze (Қарқынды мұздату) функциясын қосу үшін <b>Freezer (Мұздатқыш)</b> түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Тиісті индикатор (⊛) жанады да, тоңазытқыш салқындату үдерісін тездетеді.</li><li>• Сөндіру үшін <b>Freezer (Мұздатқыш)</b> түймесін тағы 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Мұздатқыш алдыңғы температура параметріне қайтады.</li><li>• Көп мөлшердегі тағамды мұздату үшін, тағамды мұздатқышқа салу алдында, Power Freeze (Қарқынды мұздату) функциясын кемінде 20 сағат қосыңыз.</li><li>• Мұздатқыш 50 сағат ең жоғарғы жылдамдықпен жұмыс істеп тұрады да, содан кейін алдыңғы температураға қайтады.</li></ul> <p><b>📖 ЕСКЕРІМ</b></p> <p>Power Freeze (Қарқынды мұздату) функциясын қолданғанда, пайдаланылатын қуат мөлшері артады. Функцияны пайдаланғыңыз келмесе, сөндіріңіз де, алдыңғы температураға қайтарыңыз.</p>

# Іске пайдалану

## 02 Өзгермелі мұздатқыш

### Freezer Convert (Өзгермелі мұздатқыш)

Тоңазытқышты толығымен Fridge (Тоңазытқыш) режиміне қойып пайдалануға немесе мұздатқышты сөндіруге болады.

Әдепкі мұздату режимін өзгерткіңіз келсе, параметр таңдау режиміне кіру үшін **Freezer Convert (Өзгермелі мұздатқыш)** түймесін 3 секунд басып ұстаңыз Содан кейін қажетті режимді таңдау үшін **Freezer Convert (Өзгермелі мұздатқыш)** түймесін басыңыз.

Режим мына ретпен өзгереді: Fridge (Тоңазытқыш) → Off (Сөндіру) → Freezer (Мұздатқыш) → Off (Сөндіру) → Fridge (Тоңазытқыш) режимі.

- Егер Fridge (Тоңазытқыш) режимін таңдасаңыз, Fridge (Тоңазытқыш) индикаторы жанады. Power Freeze (Қарқынды мұздату) қосұлы тұрса сөнеді де, Ice On (Мұз қосу) белсенді тұрса сөнеді.
- Off (Сөндіру) пәрменін таңдасаңыз, Off (Сөндіру) индикаторы қосылады. Мұздатқыш сөнеді.
- Freezer (Мұздатқыш) режимін таңдасаңыз, мұздатқыш индикаторлары таңдауыңызға сай жанады. Мұздатқыштың әдепкі температурасы -19 °C.

Өзгертулеріңіз сақталады да, 10 секундтан кейін іске қосылады. Режимді болдырмау немесе қайта өзгерту үшін **Freezer Convert (Өзгермелі мұздатқыш)** түймесін қайта 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Содан кейін жоғарыдағы нұсқауларды орындаңыз.

#### ЕСКЕРІМ

- **Freezer Convert (Өзгермелі мұздатқыш)** түймесін 3 секунд басып ұстап тұрсаңыз, тоңазытқыш таңдау режиміне ауысады да, **Freezer Convert (Өзгермелі мұздатқыш)** түймесін басып басқа режимді таңдауға болады.
- Тоңазыту немесе мұздату функциялары Off (Сөндіру) режимінде тұрғанда, зең немесе иіс пайда болмас үшін тоңазытқыш немесе мұздатқыш төмен электр қуатын пайдаланып, 15 °C градууста тұрады.
- Тоңазытқышты немесе мұздатқышты жеке-жеке электр көзіне қосуға болмайды.
- Тоңазыту немесе мұздату функциялары Off (Сөндіру) режимінде тұрғанда, тоңазытқышта тағам немесе сусындарды сақтамаңыз. 15 °C градус - тағам бұзылып кетпеу үшін жеткіліксіз.

#### ЕСКЕРТУ




- Мұздатқышқа сұйық зат құйылған шыны бөтелкелерді сақтамаңыз. Freezer Convert (Өзгермелі мұздатқыш) режимін болдырмаған кезде, мұздатқыштағы шыны бөтелкелер сынып немесе жарылып кетуі мүмкін.

- Freezer Convert (Өзгермелі мұздатқыш) режимін қосу алдында, мұздатқыштағы мұздаған тағамдарды алыңыз. Температура көтерілген кезде мұздаған тағамдар еріп, бүлініп кетеді (Freezer (Мұздатқыш) режимі Fridge (Тоңазытқыш) режиміне ауысады).
- Freezer Convert (Өзгермелі мұздатқыш) режимін сөндіру алдында, мұздатқыштағы тоңазыған тағамдарды алыңыз. Температура төмендеген кезде тоңазыған тағамдар мұздап қалады (Fridge (Тоңазытқыш) режимі Freezer (Мұздатқыш) режиміне ауысады).

### ЕСКЕРІМ

Freezer convert (Өзгермелі мұздатқыш) режимін пайдаланғыңыз келсе, тағамды, әсіресе, көкөністерді сақтау үшін пластик сауыттарды қолдануды қатаң ескертеміз.

03 Тоңазытқыш / Қарқынды салқындату / Демалыс

<p><b>Fridge</b> (Тоңазытқыш)</p>	<p>Тоңазытқыштың температурасын реттегіңіз келсе, тиісті температураны таңдау үшін <b>Fridge (Тоңазытқыш)</b> түймесін басыңыз. Температураны 1 °C және 7 °C (әдепкі. 3 °C) аралығына қоюға болады.</p> <p> <b>АБАЙЛАҢЫЗ</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қыс кезінде температураны 1 °C градусқа қоймаңыз. Бұл салқындатуға қатысты мәселенің пайда болуына әкелуі мүмкін.</li> <li>• Жаз кезінде температураны 5-7 °C градусқа қоймаңыз. Бұл да салқындатуға қатысты мәселенің пайда болуына әкелуі мүмкін.</li> </ul>
<p><b>Power Cool</b> (Қарқынды салқындату)</p>	<p>Power Cool (Қарқынды салқындату) функциясы желдеткішті ең үлкен жылдамдыққа қойып, салқындатуды тездетеді. Тоңазытқыш бірнеше сағат ең үлкен жылдамдықта жұмыс істеп тұрады да, содан кейін алдыңғы температураға қайтады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Power Cool (Қарқынды салқындату) функциясын қосу үшін <b>Fridge (Тоңазытқыш)</b> түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Тиісті индикатор  жанады да, тоңазытқыш салқындату үдерісін тездетеді.</li> <li>• Power Cool (Қарқынды салқындату) функциясын сөндіру үшін <b>Fridge (Тоңазытқыш)</b> түймесін қайта 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Тоңазытқыш алдыңғы температура параметріне қайтады.</li> </ul> <p> <b>ЕСКЕРІМ</b></p> <p>Power Cool (Қарқынды салқындату) функциясын қолданғанда, пайдаланылатын қуат мөлшері артады. Пайдаланғыңыз келмесе сөндіріңіз де, міндетті түрде алдыңғы температураға қайтарыңыз.</p>

Іске пайдалану



# Іске пайдалану

## Vacation (Демалыс)

Демалысқа немесе іс-сапарға бара жатсаңыз немесе тоңазытқышты ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, Vacation (Демалыс) режимін қолданыңыз.

### (А және В түріндегі үлгілерде ғана)

- Vacation (Демалыс) режимін қосу үшін **Fridge (Тоңазытқыш)** түймесін, 1 °C индикаторын таңдап тұрып басыңыз. Демалыс индикаторы (☒) қосылады да, тоңазытқыш температураларының дисплейі сөнеді. А түрі (Салқындатуды таңдау+) және В түріндегі (Салқын аумақты таңдау) үлгілердің де дисплейі сөнеді. Тоңазытқыш температурасы 15 °C градусқа дейін басқарылады, бірақ мұздатқыш алдыңғы орнатылған қалпы қосулы тұрады.
- Vacation (Демалыс) режимін сөндіру үшін **Fridge (Тоңазытқыш)** түймесін қайта басыңыз. Тоңазытқыштың температурасы 7 °C қалпына келеді. А түріндегі (Салқындатуды таңдау+) және В түріндегі (Салқын аумақты таңдау) үлгілер тоңазытқыш температурасының параметрлеріне қайтарылады.

### (С түріндегі үлгілер ғана)

- Vacation (Демалыс) режимін қосу үшін **Vacation (Демалыс)** түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Vacation On (Демалыс (Қосулы)) индикаторы қосылады да, тоңазытқыш температураларының дисплейі сөнеді. Тоңазытқыш температурасы 15 °C градусқа дейін басқарылады, бірақ мұздатқыш алдыңғы орнатылған қалпы қосулы тұрады.
- Vacation (Демалыс) режимін сөндіру үшін **Vacation (Демалыс)** түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Тоңазытқыш температурасы алдыңғы параметрге қайтарылады.

### ЕСКЕРІМ

Тоңазытқыш бөлікті босатып, есіктің жабық тұрғанын тексеруді қатаң түрде ұсынамыз.

Салқын аумақ +/Салқын аумақты таңдау үлгілерінде, Vacation (Демалыс) режимі тоңазытқыш параметрлері тәрізді 15 °C градустан төмен градустан басқарылады. Дегенмен, үлгі түріне қарай тиісті индикатор сөнеді.

#### 04 Салқындатуды таңдау+ / Салқын аумақты таңдау

<b>Cool Select+ (Салқындатуды таңдау+) (A TYP1)</b>	<p><b>Cool Select+ (Салқындатуды таңдау+)</b> түймесін басып 3 секунд ұстап тұрыңыз. Содан кейін, қажетті режимді таңдау үшін қайта басыңыз. Тиісті индикатор жанады.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• <b>Тоңазытқыш</b> Егер таңдалса, Салқын аумақты таңдау 3 °C қалпына қойылады.</li><li>• <b>Баппен мұздату</b> Егер таңдалса, Салқын аумақты таңдау -5 °C қалпына қойылады. Бұл ет және/немесе балықты ұзақ уақыт сақтау үшін пайдалы.</li><li>• <b>Мұздатқыш</b> Егер таңдалса, Салқын аумақты таңдау -12 °C қалпына қойылады. Бұл мұздатылған көкөністерді ұзақ уақыт сақтау үшін пайдалы.</li></ul>
<b>Cool Select Zone (Салқын аумақты таңдау) (B TYP1)</b>	<p><b>Cool Select Zone (Салқын аумақты таңдау)</b> түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Содан кейін, қажетті режимді таңдау үшін қайта басыңыз. Тиісті индикатор жанады.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• <b>Тоңазытқыш</b> Егер таңдалса, Салқын аумақты таңдау 3 °C қалпына қойылады.</li><li>• <b>-1 °C аумағы</b> Егер таңдалса, Салқын аумақты таңдау -1 °C қалпына қойылады. Бұл тез бұзылатын тағамдарды сақтау үшін пайдалы.</li><li>• <b>Жылдам салқындату</b> Тағамдарды жылдам салқындатқыңыз келсе осы режимді таңдаңыз. Салқын аумақты таңдау тағамдарды макс. 60 минут салқындатады.</li></ul>

# Іске пайдалану

## 05 Есіктің сигналы / Қауіпсіздік бекітпесі

<b>Door Alarm (Есік сигналы)</b>	Сигналды ескерту беретін етіп орнатуға болады. Есік 2 минуттан артық ашық қалса, ескерту естіледі де, ескерту индикаторы қатар жыпылықтайды. Ескертуді <b>Door Alarm (Есік сигналы)</b> түймесін басып, қосу және өшіру параметрін ауыстыруға болады. Зауыттан сигнал қосулы күйде келеді.
<b>Control Lock (Қауіпсіздік бекітпесі)</b>	Байқаусыз әрекетке жол бермеу үшін <b>Door Alarm (Есік сигналы)</b> түймесін 3 секунд басып, Control Lock (Қауіпсіздік бекітпесі) параметрін қосыңыз. Басқару құралдарының барлығы (  ) индикаторы қосулы тұрғанда сөнеді. Сөндіру үшін тағы 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Басқару құралдары әдеттегідей қосылып тұрады.
<b>Device authentication (Құрылғыны аутентификациялау)</b>	Тоңазытқышты Samsung Smart Home қолданбасына немесе Samsung Smart TV тәрізді Samsung смарт құрылғыларына қосқанда, қолданбаның немесе құрылғының экранындағы нұсқауларын орындап, <b>Door Alarm (Есік ескертуі)</b> түймесін 5 секунд басып тұрыңыз. Аутентификация үдерісін бастау алдында температура панелінде " <b>он (қосу)</b> " жазуы 5 секунд көрсетіліп тұрады. Бұл аутентификация Есік ескертуі функциясына әсер етпейді.



06 Желі қосылымы (қол жетімді үлгілерде ғана)

Тоңазытқышыңызды Samsung Smart Home қолданбасы арқылы басқару және бақылау үшін опциялық Smart Home Dongle құралын (жеке сатылады) қолдануға болады. Samsung Smart Home туралы көбірек ақпаратты Samsung Smart Home бөлімінен қараңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Ұсынылатын кодтау жүйелеріне WPA/TKIP және WPA2/AES жатады. Wi-Fi аутентификациялау протоколдарының жаңарақ немесе стандартты емес түрлеріне қолдау көрсетілмейді.
- Сымсыз желілерге қоршаған сымсыз байланыс ортасы әсер етуі мүмкін.
- Егер интернет провайдеріңіз ДК немесе модеміңіздің MAC мекенжайын анықтау үшін тіркеген болса, Samsung Smart Тоңазытқышыңыз интернетке қосыла алмауы мүмкін. Бұндай жағдайда интернет провайдеріңізге хабарласып, техникалық көмек алыңыз.
- Желіңіздің брандмауэр параметрлері Samsung Smart Тоңазытқышыңыздың интернетке қосылуына жол бермеуі мүмкін. Интернет провайдеріңізге хабарласып, техникалық көмек алыңыз. Бұл жағдай тоқтамаса, жергілікті Samsung қызмет көрсету немесе бөлшек сауда орталығына хабарласыңыз.
- Сымсыз кіру нүктесі (KH) параметрлерін теңшеу үшін кіру нүктесінің пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Samsung Smart Home Dongle мүмкіндігі бар Samsung Smart тоңазытқыштары IEEE 802.11 b/g/n және Soft-AP протоколдары (IEEE 802.11 n ұсынылады) бар Wi-Fi 2,4 ГГц-ке қолдау көрсетеді.
- Рұқсат етілмеген Wi-Fi сымсыз роутерлері тиісті Samsung Smart Тоңазытқыштарына қосыла алмауы мүмкін.

## Samsung Smart Home (қол жетімді үлгілерде ғана)

### Орнату

Google Play Store, Galaxy Apps немесе Apple App Store дүкеніне барып, “Samsung Smart Home” қолданбасын іздеңіз. Samsung Electronics ұсынатын Samsung Smart Home қолданбасын смарт құрылғыңызға жүктеп орнатыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Samsung Smart Home қолданбасы Android 4.0 (ICS) немесе кейінгі немесе iOS 7.0 немесе кейінгі нұсқалар үшін жасалған және Samsung смартфондары (Galaxy S және Galaxy Note сериялары) үшін оңтайландырылған. Басқа смартфон үлгілерінде кей функциялар басқаша жұмыс істеуі мүмкін.
- Жұмыс тиімділігін арттыру үшін Samsung Smart Home қолданбасына алдын ала ескертусіз өзгеріс енгізіледі немесе өндіруші саясаты бойынша оған қолдау көрсету тоқтатылады.

Samsung есептік жазбасы

Қолданбаны пайдалану үшін Samsung есептік жазбаңыз тіркелген болуы керек. Samsung есептік жазбаңыз жоқ болса, Samsung есептік жазбасын тегін тіркеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



# Іске пайдалану

Іске кірісу

1. Smart Home Dongle құралын тоңазытқышыңыздың тиісті ұясына кіргізіңіз.
2. Samsung Smart Home қолданбасын қосып, Samsung есептік жазбаңыз арқылы кіріңіз. iPhone пайдаланушыларынан жүйеге кіру дерегін қолданбаға кірген сайын енгізу талап етіледі.
3. **Device (Құрылғы)** > + белгішесіне кіріп, содан кейін **Refrigerator (Тоңазытқыш)** параметрін түртіңіз.
4. Роутер туралы қажетті ақпарат беру үшін экрандағы нұсқауларды орындап, содан кейін **Next (Келесі)** түймесін басыңыз.
5. **Fridge (Тоңазытқыш)** түймесін дисплейде **"AP (KH)"** хабары пайда болғанша 5 секундтан көбірек басып ұстап тұрыңыз. Тоңазытқышыңыз қолданба жүйесінде тіркеледі.
6. Құрылғыны тіркеу аяқталғанда, Samsung Smart Home қолданбасында тоңазытқыш белгішесі пайда болады.
7. Тоңазытқыш бетін ашу үшін тоңазытқыш белгішесін түртіңіз.
8. Желімен байланыс орнатылғанда, тоңазытқышта Wi-Fi белгішесі жанады.

## Тоңазытқыш қолданбасы

Кіріктірілген басқару

Тоңазытқышыңызды үйден, сондай-ақ, үйде емес кезде басқарып және бақылай аласыз.

- Тоңазытқыш бетін ашу үшін Samsung Smart Home қолданбасындағы тоңазытқыш белгішесін түртіңіз.
- Тоңазытқыштың жұмыс күйін немесе хабарландыруын тексеріп, қажет болса, опцияларын немесе параметрлерін өзгертіңіз.




### ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқыштың кейбір опциялары немесе параметрлері қашықтан басқаруға келмеуі мүмкін.

Негізгі мүмкіндіктері

Қашықтан қатынау үшін Samsung смарт тұрмыстық құрылғыларын Samsung Smart Home серверіне тіркеңіз.

Мәзірге жалпы шолу




- Тоңазытқыштың параметрлер бетін ашу үшін **Refrigerator (Тоңазытқыш)** түймесін түртңіз.
- Келесі бетке өту үшін сырғытыңыз.

<b>Chat control (Чатты басқару)</b>	Samsung смарт тұрмыстық құрылғыларыңызды қашықтан басқаруға немесе жұмыс күйін тексеруге болады.
<b>Home view (Үй көрінісі)</b> (қол жетімді үлгілерде ғана)	Samsung смарт тұрмыстық құрылғысының кіріктірілген камерасын пайдаланып, бөлмеңізді басқаруыңызға болады. Бұл мүмкіндік тек қол жетімді үлгілерде ғана жұмыс істейді.
<b>Master key (Негізгі кілт)</b>	Негізгі кілт пайдаланушының сыртқа шығу, үйге келу, кешке ұйқыға кету және таңертең тұру тәрізді әр түрлі әрекеттеріне арналған бекітпе жүйесін басқару үшін жасалған. Бұл мүмкіндік тек қол жетімді үлгілерде ғана жұмыс істейді.
<b>Customer service (Тұтынушыға қызмет көрсету)</b>	Пайдаланушы мәзірін жүктеп алуға болады және тұтынушыға қолдау көрсетуге арналған байланыс ақпараты да беріледі.
<b>Settings (Параметрлер)</b>	Қосылған құрылғыларды, сондай-ақ, бағдарламалық жасақтама ақпаратын (нұсқасы және ашық қолданыстағы лицензиялар) тексеруге және құрылғыларды қосуға немесе елді таңдауға болады. Қазіргі құрылғының жұмысын демо режимде көрсетуге болады.

Іске пайдалану

# Іске пайдалану

Тоңазытқыш параметрлері



A : Өшірулі (қара)

B : Қосулы (көк)

<b>Fridge (Тоңазытқыш)</b>	<b>01</b> Тоңазытқыштың қазіргі орнатылған температурасын көрсетеді.
	<b>02</b> Қарқынды салқындату функциясын қосуға немесе сөндіруге және қазіргі параметрлерді тексеруге болады.
<b>Freezer (Мұздатқыш)</b>	<b>03</b> Мұздатқыштың қазіргі орнатылған температурасын көрсетеді.
	<b>04</b> Қарқынды мұздату функциясын қосуға немесе сөндіруге және қазіргі параметрлерді тексеруге болады.
<b>Cool Select (Салқын аумақ)</b>	<b>05</b> Қазіргі орнатылған режимді көрсетеді.
	<b>06</b> Үлгіге қарай Салқындатуды таңдау+, Салқын аумақты таңдау немесе ешнәрсе көрсетілмейді.

---

**About Device (Құрылғы туралы)**

**07** Құрылғы ақпаратын, соның ішінде қазіргі нұсқасын, нұсқаулықты, өзіндік тексеру және анықтама тақтасын қамтиды. Пайдаланушы мәзірін жүктеп алуға болады және тұтынушыға қолдау көрсетуге арналған байланыс ақпараты да беріледі.

**Self Check (Өзіндік тексеру)**

Өзіндік тексеру көмегімен тоңазытқышқа жасаған диагностика нәтижелерін тексеруге болады. Қалыптан тыс жағдай пайда болса, Өзіндік тексеру тұтынушыға қызмет көрсету орталығы үшін қолдануға болатын ақпаратты көрсетеді.




# Іске пайдалану

## Арнайы функциялар

Тоңазытқыштың нақты түрі мен арнайы функциялары үлгіге және елге байланысты өзгешелеу болуы мүмкін.

### Мұз жасау (қол жетімді үлгілерде ғана)


Майысқақ мұз жасағыш



1. Мұздатқыштың есігін ашыңыз да, мұз науасын сырғытып шығарыңыз.
2. Науаның ішкі артқы жағында көрсетілген **макс. деңгейіне (A)** жеткенше су құйыңыз.
3. Науаны қайта орнына сырғытып енгізіңіз.

#### **ЕСКЕРІМ**

Мұз жасайтын уақыт температура параметрлеріне байланысты.



#### **ЕСКЕРІМ**




- Мұз текшелерін сақтайтын сауыттың мұз науасының астында тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Мұз текшелерін үлестіру үшін сауыттың тұтқасын оңға бұрап, мұз текшелерінің жартысын сауытқа салыңыз. Содан кейін, қалған жартысын төгу үшін солға қарай бұраңыз.
- Сауытты сәл майыстырып, алға қарай тартып орнынан алыңыз.

## Су сауыты

Су сауытын қолдану арқылы тоңазытқыштың есігін ашпай-ақ, салқын су құйып алуға болады. Су сауытын пайдалану алдында ауыз суына толтыру керек.

Су сауытын ауыз суына толтыру үшін

Есікті ашыңыз да, есік сөресінің аумағында тұрған су сауытын табыңыз.



1. Су сауытының екі жағындағы тұтқаларынан ұстап, көтеріңіз де, тартып шығарыңыз.


2. Су сауытын 2,8 литрге дейін ауыз суына толтырыңыз. Үстіңгі қақпақшасын немесе қақпағын алып су құюға болады.

### ЕСКЕРІМ

Ең алғаш рет пайдаланған кезде су сауытын тазалаңыз.

3. Су сауытын қайта салыңыз да, есікті жабыңыз. Су сауытының шүмегінің алға қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.

# Іске пайдалану



4. Диспенсердің су шүмегінің астына стакан қойып, стаканыңызбен су диспенсерінің тұтқасын абайлап итеріңіз. Су диспенсері бекітпесінің ашық екеніне көз жеткізіңіз.

## АБАЙЛАҢЫЗ

- Су диспенсері ауыз суын құюға арналған. Су сауытын тек ауыз суымен ғана толтырыңыз. Басқа ешбір сұйық құймаңыз.
- Су сауытына шамадан тыс көп су құймаңыз, ағып кетеді.
- Су сауытын есіктен алмай тұрып суға толтыруға әрекет жасамаңыз.
- Су сауытының дұрыс орныққанына көз жеткізіңіз.
- Тоңазытқышты су сауытын салмай пайдаланбаңыз. Бұл жұмыс қарқыны мен тиімділігін төмендетуі мүмкін.
- Су ағып кетпеу үшін стаканның диспенсермен деңгейлес тұрғанына көз жеткізіңіз.


## ЕСКЕРІМ

Тағам сақтайтын орынды кебейту үшін су сауытына тағам сақтауға болады. Бұндай жағдайда, сауыттың қақпағын алыңыз.

# Күтім көрсету


## Күтіп ұстау

### Мұздатқыш және тоңазытқыш сөрелері



- Сөрелі алу үшін есікті шегіне дейін ашыңыз. Сөрелі алға қарай тартып, көтеріңіз де, содан кейін тартып шығарыңыз.
- Сөрелі қайта орнына салған кезде, сөрелің "Алдыңғы" жазуының алға қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Сөрелі орнына қисайтып қоймаңыз.

### Есік сауыттары



Сәл көтеріп, есіктің сөресінен тартып шығарыңыз.

#### **⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

Оқыс жағдайларға жол бермеу үшін есіктің сауыттарын босатқаннан кейін алыңыз.

# Күтім көрсету

## Тазалау

Қуат ашасының ағытпаларынан және түйіспелерден шаң немесе су тәрізді бөгде заттардың барлығын тазалау үшін құрғақ шүберекті пайдаланыңыз.

1. Тоңазытқыштың қуат сымын ағытыңыз.
2. Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы бетін тазалау үшін дымқыл, жұмсақ және мамығы жоқ шүберекті немесе қағаз сүлгіні пайдаланыңыз.
3. Болғаннан кейін құрғақ шүберекпен не қағаз сүлгімен мұқият құрғатыңыз.
4. Тоңазытқышты іске қосу үшін қуат сымын розеткаға жалғаңыз.

### ЕСКЕРІМ


Тазалау үшін сөре тәрізді алмалы бөліктерін алсаңыз, орнына қайта дұрыс салу үшін "Жинақтың құрамы" тарауындағы жалпылама сызбаны қараңыз.

### ЕСКЕРТУ

- Тазалау үшін бензол, сұйылтқыш немесе Clorox™ тәрізді үй/машина тазалағыш затты пайдаланбаңыз. Бұлар тоңазытқыштың беткі қаптамасын бүлдіруі және өрт шығаруы мүмкін.
- Тоңазытқыштың бетіне суды тура шашпаңыз. Электр тогы соғуы мүмкін.
- Диспенсер тесігіне саусақтарыңызды немесе басқа заттарды сұқпаңыз.

## Ауыстыру

### Иіс кетіргіш сүзгі (қол жетімді үлгілерде ғана)



Сүзгі кассетасының үстіңгі және астыңғы жақтарын ұстап тұрып, **иіс кетіргіш сүзгіні (A)** алу үшін сүзгінің кассетасын ағытыңыз. Сүзгіні ауыстырып, содан кейін кассетаны қайта салыңыз.

### Шамдар және бактерияға қарсы сүзгі

Шамдар мен бактерияға қарсы сүзгіге пайдаланушы күтім көрсете алмайды. Өзіңіз ауыстыруға әрекеттенбеңіз. Ауыстыру үшін жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

# Ақаулықты түзету

Тоңазытқышқа қатысты түсініксіз жағдайға кез болсаңыз, әуелі төмендегі кестені қарап, ұсыныстарды қолданып көріңіз.

## Жалпылама ақпарат

Белгісі	Әрекет
<b>Жұмыс істемейді немесе салқындатпайды.</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қуат сымның дұрыс қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.</li><li>• Температура тетігінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.</li><li>• Тоңазытқышты тура түсетін күн көзінен немесе қызу көзінен алысқа қойыңыз. Бұл нұсқау орындалмаса, салқындату қарқынына әсер етуі мүмкін.</li><li>• Тоңазытқыш пен артқы және бүйір жақ қабырғалардың немесе шкаф арасында жеткілікті орын болуын қамтамасыз етіңіз. Бұл нұсқау орындалмаса, салқындату қарқынына әсер етуі мүмкін.</li><li>• Тағам өте көп салынса, тоңазытқыштың желдетуін бөгейді. Тоңазытқыштың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оған көп тағам салмаңыз.</li></ul>
<b>Тоңазытқыштың ішіндегі тағам мұздайды.</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Температураның ең төменгі температураға қойылғанын тексеріңіз. Солай болса, температураны жоғарғы немесе оңтайлы температураға қойыңыз.</li><li>• Ортаның температурасы тым төмен болса осындай жағдай орын алады. Жоғарырақ температураны орнатыңыз.</li><li>• Құрамында суы көп тағамның тоңазытқыштың ең суық жеріне немесе салқындату саңылауына жақын қойылғанын тексеріңіз. Осылай болса, тағамды тоңазытқыштың басқа сөрелеріне ауыстырыңыз.</li></ul>
<b>Шуыл шығады.</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Тоңазытқыштың орнықты, тегіс жерге қойылғанына көз жеткізіңіз.</li><li>• Тоңазытқыш пен артқы және бүйір жақ қабырғалардың немесе шкаф арасында жеткілікті орын болуын қамтамасыз етіңіз.</li><li>• Тоңазытқыштың ішкі немесе астыңғы жағын қоқыстан немесе бөгде заттардан таза ұстаңыз.</li><li>• Құрылғының ішкі жағынан сырылдаған дыбыс естілуі мүмкін, бұл әр түрлі алмалы бөліктердің тартылуына немесе ісінуіне байланысты. Бұл жүйенің ақауы емес.</li></ul>
<b>Алдыңғы бұрыштары мен бүйір жақтары жылып, оларға конденсат тұруы мүмкін.</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Конденсаттың пайда болуына жол бермеу үшін тоңазытқыштың алдыңғы бұрыштарына қызуға төзімді түтіктер орнатылған. Бұл құрылғы ортаның температурасы жоғарыласа дұрыс жұмыс істемейді мүмкін. Бұл жүйенің ақауы емес.</li><li>• Ылғалды ауа тоңазытқыштың салқын бетіне тигенде, тоңазытқыштың сыртқы бетіне конденсат тұруы мүмкін.</li></ul>

# Ақаулықты түзету

Белгісі	Әрекет
